

19.12.2024 жылы күні Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балалық бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында семинар-практикум өткізілді. Семинар-практикум тарапымы: Ереженова Гульнур Шалқарбековна
Хатшы: Бозгулова Айзада Мендильдаевна.

Қатысуға тиіс-24 педагог

Қатысқаны-24 педагог

Күн тақырыбы:

Ортаңғы топ балаларының коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Мақсаты:инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып,әлеуметте қарым қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

1. Баяндама: «Ортаңғы топ балаларының коммуникативтік дағдыларын дамыту.» /ортаңғы топ тәрбиешісі –Бозгулова Айзада /.

2. ҮІӘ:«Менің отбасым » / ортаңғы топ тәрбиешісі –Кумекбаева Мира/.

3. ҮІӘ: «Қыс қызығы » / ортаңғы топ тәрбиешісі –Сапарова Жаналыс /.

4.ҮІӘ: «Қыс мезгілі» / ортаңғы топ тәрбиешісі –Елеева Күлзада /.

5. ҮІӘ: «Үй жануарлары» / ортаңғы топ тәрбиешісі –Сүндетова Жадыра /.

Тыңдалды:Күн тақырыбы бойынша «Балдәурен» ортаңғы топ тәрбиешісі – Бозгулова Айзада сөз алды:

-Қазіргі білім беру кезеңінде баланың тек білім алып қана қоймай ,өз ойын еркін жеткізе алуы , құрдастарымен және ересектермен тиімді қарым- қатынас жасауы басты талаптардың бірі.Коммуникативтік дағдылар баланың тұлғалық дамуының ,әлеуметтік ортаға бейімделуінің негізі.

Креативті тәрбиеші үшін коммуникацияны дамыту тек сабақ барысында ғана емес , ойын,күнделікті қарым- қатынас ,шығармашылық әрекет арқылы жүйелі түрде жүргізілетін процесс.

Коммуникативтік дағдыларға өз ойын сөзбен жеткізу,тыңдай алу және түсіну,сұрақ қою және жауап беру,эмоцияны білдіру,топта жұмыс істей алу жатады.

Күн тақырыбы бойынша сөз кезегі «Балдәурен» ортаңғы топ тәрбиешісі- Кумекбаева Мираға берілді:

- ҮІӘ: Қазақ тілі.

ҮІӘ тақырыбы: Менің отбасым

Қолданылған технология: АКТ,ойын,денсаулық

Мақсаты:Балалардың Отбасы туралы білімдерін кеңейті.Отбасында кімдер тұратынын ,отбасы мүшелерінің мие істей алатынын айта алуға үйрету.Сурет бойынша сөйлем құрау.Сөздер мен сөйлемдерді орынды қолдана білу.

Әдіс- тәсілдер:Мнемотехника,интервью,ойын әдістері.

Ресурстар:интерактивті тақта,калам,көрнекі суреттер,қазақ тілінің магнитті тақтасы.

Ғажайып сәт: Балапан телеарнасынан Білімпаз Ата.

Қолданылған ойындар: Кімді көріп тұрсың ? Кім не істейді? Санамақтар,жоқ адамды тап .

Күтілетін нәтиже:Отбасы мүшелерін атайды,олардың не істейтінін біледі.

Үлкенге құрмет,кішіге ізет қағидасын түсінеді.Суреттерді сөйлетіп,отбасы мүшелерін өз атауларымен ажырата алады.

Күн тақырыбы бойынша сөз кезегі «Балаусы» ортаңғы топ тәрбиешісі- Сапарова Жаналысқа берілді:

- ҮІӘ:Көркем әдебиет

ҮІӘ тақырыбы: Қыс қызығы

Мақсаты: инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып,әлеуметте қарым -қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Әдіс -тәсілдер: ойын технологиясы,сұрақ-жауап,көрсету.

ҮІӘ барысы:Жұмбақ:

Өзі сондай аппақ

Жердің бейін жапқан.

Қыста ғана болады

Үстасаң қолың таяды. (қар)

Хаттама №2

Қызылорда облысының білім басқармасының « Қазылы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 17.10.2025 жылғы күні №2 әдістемелік кеңес өткізді.

Қатысуға тиіс-24 педагог

Қатысқаны-21 педагог

Күн тақырыбы:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты /бөбекжай –балабақша әдіскері- Альменова Жанат/.

2.Үлгілік оқу жоспары,Үлгілік оқу бағдарламасы / бөбекжай –балабақша тәрбиешісі- Жубаева Кенже /.

Тыңдалды:

Күн тақырыбы бойынша бөбекжай-балабақша әдіскері-Альменова Жанат :

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі-стандарт «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1 тармақшасына,56-бабына сәйкес әзірленді және мыналарды :

1)тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2)тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне;

3)тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

Стандарт 4- тарауды құрайды:

1-тарау.Жалпы ережелер.

2-тарау.Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

3-тарау.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

4-тарау.Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар.

Әдіскер әрбір бөлімге жеке-жеке тоқталып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Күн тақырыбы бойынша бөбекжай –балабақша тәрбиешісі- Жубаева Кенже :

-Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адамн және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тен бастапқы мүмкіндіктерді беру.

3. Бағдарламаның міндеттері: баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы зағтық-кеңістіктік ортаны құру, оның ішінде арнайы ортаны құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру.

4. Бағдарлама мазмұны:

дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуде;

Хаттама №3

Қызылорда облысының білім басқармасының « Қызалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 13.11.2025 жылы күні №1 әдістемелік кеңес өткізді.

Қатысуға тиіс-24 педагог

Қатысканы-19 педагог

Күн тақырыбы: Қоршаған әлеммен танысу ,экология туралы түсінік бере отырып баланың эстетикалық талғамын қалыптастыру /балабақша тәрбиешісі-Қаратаева Гүлнәз/

1.Тыңдалды: «Ақбота» балабақша тәрбиешісі-Қаратаева Гүлнәз:

Тақырыбы: Қоршаған әлеммен танысу ,экология туралы түсінік бере отырып баланың эстетикалық талғамын қалыптастыру:

Балалардың әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастыру,күн сайын ойын түрінде және қоршаған әлеммен таныстыру іс әрекетінде іске асырылады.

Мақсаты: балаларды,оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру.

Міндеттері:балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру,таныс заттарды ажыратуға үйрету;

Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;

Табиғатта қауіпсіздікті сақтау;

Табиғатқа сүйіспеншілік және қамқорлық жасауға баулу.

Сол сияқты мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру заманауи білім берудің басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Климаттың өзгеруі,қоршаған ортаның ластануы сияқты жаһандық экологиялық сын қатерлержағдайында табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулуды ерте жастан бастау маңызды.Осыған орай төменде өзімнің өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерімді ұсынамын.

Ұйымдастырылған іс- әрекет: «Қоршаған әлеммен таныстыру»

Тақырыбы: «Су- тіршілік көзі»

Мақсаты: Балалардың су туралы толық түсініктерін қалыптастыру. Тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру,табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Дамытушылығы: балалардың сөздік қорын дамыту.

Сөздік жұмыс: ніссіз, түссіз, мөлдір мұз.

Тәрбиелілігі: суды үнемдеуге, ластамауға тәрбиелеу.

Методикалық әдіс – тәсілі: түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ- жауап, ойын, тәжірибе жасау, топтастыру,венн диаграммасы.

Көрнекіліктер: суреттер(мұз, су, қасық тәжірибеге) слайд, видео

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: судың пайдасын білді. Судың ніссіз, дәмсіз, түссіз білді.

Нені меңгерді: ойын арқылы судың пайдасын меңгерді.

Нені орындады: тәжірибе арқылы судың қасиеттерін анықтап, орындады.

Балабақша әдіскері-Альменова Жанат:

-Қоршаған әлеммен танысу ,экология туралы түсінік бере отырып баланың эстетикалық талғамын қалыптастыру және сол сияқты мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру заманауи білім берудің басым міндеттерінің бірі болып табылады.Осыған орай қазіргі таңда біздің балабақша «Жасыл балабақша» жобасымен

Хаттама №4

Қызылорда облысының білім басқармасының « Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 10.12.2025 жылы күні №4 әдістемелік кеңес өткізді.
Қатысуға тиіс-24 педагог
Қатысқаны-17 педагог

Күн тақырыбы: Мектепке дейінгі ұйымдарда салауатты өмір салтын қалыптастыру /дене тәрбиесінің нұсқаушысы -Тулегенов Болат/

I. Тыңдалды: «Ақбота» балабақшасының дене тәрбиесінің нұсқаушысы -Тулегенов Болат:

Ұйымдастырылған іс – әрекет: Дене шынықтыру

Тобы: Ақкогерінің ересек топ

Тақырыбы: «Біз шыныққан баламыз»

Мақсаты: Берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту, тұлға бітімдерімен аяқ қол, кеуде бұлшық еттерін жетілдіріп оны әрі қарай дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Ресурстар: доптар, балықтар, қармақтар, қолшатырлар, массаж құралдары.

Әдіс тәсілдер: ойын, саяхат, көрсету, қайталау, жұмбақ шеші.

Ойындар: балық аулау, ойлан тап, көңілді доп, қолшатыр, флешмоб.

Қорытынды:

Тыныс алу жаттығуы:

«Флешмоб» Буги - Буги

Күтілетін нәтижі: Жаттығуларды орындау.

Шапшаңдық, ептілік, ұйымшылдықты үйренді.

Жетекшінің нұсқауы мен негізгі іс - әрекетті меңгерді.

Жарыссөзге шыққандар: «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Жұбаева Кенжегүл:

Бүгінгі «мектепке дейінгі ұйымдарда салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбындағы әдістемелік кеңесте дене шынықтыру нұсқаушысы- Тулегенов Болаттың өткізген шебер сыныбы өте жақсы, қызықты, жоғарғы деңгейде өтілді. Жаңа технологиялар, жаңаша ойындар, тың идеялар қолданылды десе де болады. Саяхат жасап балық аулап, балықтар қимылын жасау. Балалардың денсаулығын жетілдіру мақсатында барлық қимыл әрекеттер түрі қолданылды. Болатқа алдағы уақытта шығармашылық табыстар тілеймін.

«Балдәурен» тобының тәрбиешісі -Бозгулова Айзада:

Мен де Кенжегүлдің пікірімен келісемін. Бүгінгі дене тәрбиесі нұсқаушысы -Тулегенов Болаттың шебер сыныбы өте жоғары деңгейде өтілді. Балалар өте қызыға араласты. Ойынды аяқтағысы келмей жатыр. Салауатты өмір салтын қалыптастыру барысында ізденгені көрініп тұр. Болатқа алдағы уақытта аудан көлемінде іс тәжірибесімен бөлісуге шақырар едім. Шығармашылық табыстар тілеймін.

Әдістемелік кеңес шешім етеді:

Мектепке дейінгі ұйымдарда салауатты өмір салтын қалыптастыру барысында инновациялық ойын тәсілдері кеңінен қолданылсын, Тулегенов Болаттың іс-тәжірибесімен бөлісу жұмыстары алдағы уақытта жалғасын тапсын.

Бөбекжай- балабақша әдіскері:  Альменова Жанат

Хатшы:  Бозгулова Айзада

Хаттама №5

Қызылорда облысының білім басқармасының « Қызыл ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 15.01.2026 жылы күні №5 әдістемелік кеңес өткізді.
Қатысуда тиіс-24 педагог
Қатысқаны-23 педагог

Күн тақырыбы:

1. «Ойнайық та, ойлайық» әдістемелік құралын талқылау, бекіту /музыка жетекшісі- Бержанова Рсалы Кабылбаевна /.
2. «Балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы дидактикалық ойындардың ролі» әдістемелік көмекші құрал /Өміртай Нұрлыгүл Алдамжарқызы, Мырзалы Жамал Алтыбекқызы /.

Тыңдалды: Күн тақырыбы бойынша музыка жетекшісі – Бержанова Рсалы Кабылбаевна:
-«Ойнайық та, ойлайық» әдістемелік көмекші құралы

Мақсаты: Балаларды ойын арқылы жеке тұлға ретінде дамытуға көмектесу. Ойын барысында балалардың жандүниесін таныту, оны сыртқа шығару жолдарын меңгерту. Әр баламен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік беру. Бірлікке, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері: Жеке тұлғаны өнегелі бағытта болуға тәрбиелеу. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттілігінің дамуына жағдай жасау, білім алуға қызығушылықтарын арттыру.

Күн тақырыбы бойынша балабақша тәрбиешілері – Өміртай Нұрлыгүл Алдамжарқызы, Мырзалы Жамал Алтыбекқызы:

«Балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы дидактикалық ойындардың ролі» әдістемелік көмекші құрал:

Жұмыстың өзектілігі: Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда оқу -тәрбие үдерісін ойын арқылы ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын арттыру-өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылған әдістемелік құралдың тақырыбы өзекті, әрі уақыт талабына сай. Дидактикалық ойындардың 3-4 жас аралығындағы балалардың ойлау, тілдік, шығармашылық қабілеттерін дамытудағы ролі нақты педагогикалық міндеттермен ұштастырылған.

Жұмыстың жаңашылдығы дидактикалық ойындарды мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттыру құралы ретінде жүйелі, әрі мақсатты қолдану жолдары ұсынылды.

Жарыссөзге шыққандар:

Балабақша тәрбиешісі-Сапарова Жаналыс:

- Педагогтар- Бержанова Рсалы Кабылбаевна, Өміртай Нұрлыгүл Алдамжарқызы, Мырзалы Жамал Алтыбекқызының әдістемелік ізденіс жұмыстары өте жақсы, жан- жақты ізденіспен жазылған. Балалардың жас ерекшелігіне сай дайындалған. Пайдаланылған әлеуметтері де жазылған. Осы жоспарда жазылған жұмыстарды балалармен жүргізсе нәтиже берелі деп сенемін.

Балабақша тәрбиешісі-Жубаева Кенже:

- Әріптестеріміз Бержанова Рсалы Кабылбайқызы, Өміртай Нұрлыгүл Алдамжарқызы, Мырзалы Жамал Алтыбекқызының ізденіс жұмыстары маған өте ұнап отыр. Жан- жақты ізденіс, шығармашылық еңбекпен дайындалған. Балаларға өте қызықты тақырыптар таңдап жасақталып, жазылған. Егер де осы мақсат, міндет аясынан шықпай балалармен жұмыс жасалса нәтижесін берелі деп ойлаймын. Бержанова Рсалының, Өміртай Нұрлыгүлдің, Мырзалы Жамалдың әдістемелік бағыттағы жұмысы бекітілсін.

Балабақша тәрбиешісі-Емжиева Жалыра:

-Әріптестеріміз Бержанова Рсалы Кабылбаевнаға, Өміртай Нұрлыгүл Алдамжарқызына, Мырзалы Жамал Алтыбекқызына сәттілік тілейміз. Әріптестеріміздің әдістемелік жұмысына балалар қызығады, ізденіс, зерттеу дағдылары қалыптасады деп сенім артамыз. Бержанова Рсалының, Өміртай Нұрлыгүлдің, Мырзалы Жамалдың әдістемелік жұмысы бекітілсін.

Балабақша меңгерушісі-Ережепова Гульнур:

-Әріптестер өздеріңіз көріп, тыңдалыңыздар әріптесіміздің еңбегін. Мен үшін қуанарлық жағдай балабақшамыздан әдістемелік, шығармашылық жұмыстар дайындалып аудан, облыс, республика көлемінде ұсынылып жатырса, бұл біздің де, сіздің де мерейіміз. 2025-2026 оқу жылына Бержанова Рсалы Кабылбаеваның, Өміртай Нұрлыгүл Алдамжарқызының, Мырзалы Жамал

Хаттама №6

Қызылорда облысының білім басқармасының « Қызыл ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балалық бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 12.02.2026 жылы күні №6 әдістемелік кеңес өткізді.
Қатысуда тиіс-23 педагог
Қатысқаны-19 педагог

Күн тақырыбы: Балаларды төтенше жағдайдан қорғау жағдайында атқарылатын жұмыстар /балалық бақша тәрбиешілері –У.Альжанова,М.Көмекбаева/

1.Тыңдалды: «Ақкөгершін» ересектер тобының тәрбиешісі-Альжанова Ұрзада:

Тақырыбы: «Өрт -тілсіз жау!»

Тобы: Ақкөгершін ересек топ

Мақсаты: оттың адам өміріндегі пайдасы,маңызын айта отырып,зиянды жақтарын,тілсіз жау екендігін ұғындыру.Оттан сақтану жолдары өрттің адамға,табиғатқа әкелетін зардабын түсіндіру.Сірпікке,оттықтан аулақ жүру керектігін, өз беттерінше газды қосуға болмайтынын түсіндіру.

Ресурстар:аңстроаниялық суреттер.

Әдіс- тәсілдер:түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап,рөлдерде ойнату.

Ойындар: Не жамап,не жақсы?Болады,болмайды? Ойлан тап,Доп лақтыру.

Жұмбақ

Жаурағаншы күйдірер,

Өз еркіне жіберсең,

Дүниені бүлдірер (От).

Жұмбақтың шешуі арқылы тақырыпты ашып алдым.

Өрт тілсіз жау екендігін айта отырып ,балаларды өрт шыққан жағдайда қалай құтылу керек екендігін,ал сол өрт шықпас үшін не істеу керек,не істемеу керектігі ойын арқылы көрсетіліп,түсіндірілді.

Күтілетін нәтиже: Балалар оттың тілсіз жау екендігін түсінді.

Электр құрылдарын,газды үлкендердің көмегісіз қолдануға болмайтындығын түсінді.

Өрт шыққан жағдайда не істеу керектігін біледі.

«Балдәурен» ортаңғы тобының тәрбиешісі-Көмекбаева Мира:

Тақырыбы: «Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік!»

Тобы: Балдәурен ересек топ

Мақсаты: Балаларды төтенше жағдайлар болған кезде қалай қорғау керек,қалай қорғану керектігіне тәрбиелеу.Табиғи апаттың түрлері көп екендігінен балаларды хабардар ету.

Ресурстар:аңстроаниялық суреттер.

Әдіс- тәсілдер:түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап .

Жер сілкінісі болатынын алдын ала білген жағдайда сөмкені дайындап қою ,оның ішіне үш күнге жететін су мен тамақ,алғашқы медициналық көмекке қажетті медикаменттер, дәрі -дәрмектер,электр фонары мен сірпікке,жылы аяқ киім мен жылы киім дайындап алу.

Алғашқы жер сілкінісі кезінде: үрейленбеу және басқалардың үрейленуіне жол бермеу : газ,свет,суды сөндіру; жер үйде болса тез сыртқа шығу,көп қабатты үйде тұратын болса үйдің бұрышына немесе есік жақтауына тұру, немесе кереуеттің,столдың астына тығылу, лифтіге кірмеу керектігі түсіндірілді.

Жарысөзге шыққандар: «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі -Мырзалы Жамал:

Бүгінгі «Балаларды төтенше жағдайдан қорғау жағдайында атқарылатын жұмыстар»

тақырыбындағы әдістемелік кеңесте төтенше жағдайлар бола қалған жағдайда қалай көмек көрсетілу керек,абыржымай,шуламай балаларды қалай қорғап,ғимараттан қалай шығару керек екендігі ойын арқылы көрсетіліп,түсіндірілді. Өте жақсы түсіндіріліп, көрсетілді.Әріптестеріме шығармашылық табыс тілеймін.